Автор: Есимова Райгүл Олжабаевна
Пән: Қазақ әдебиеті
Сынып: 5-сынып
Бөлім: Адамгершілік - асыл қасиет
Тақырып: Ахмет Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.
Сабақтың мақсаты:	**Барлық оқушылар орындай алады:** • Шығарма мазмұнымен таныса отырып, тірек ұғымдарды таба алады. • Мәтінді мағыналық бөліктерге бөле отырып, өлеңнің идеялық мазмұнын анықтайды. • Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын ұсынады. **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** • Шығармадағы көркемдегіш құралдарды ажырата алады (метафора). • Оқушылар мәтін мазмұны бойынша тың идеялар ұсына алады. **Кейбір оқушылар орындай алады:** • А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады. • Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады.
Тілдік мақсаттар:	**Оқушылар орындай алады:** Өлеңнің мазмұнының идеясы мен тақырыбын түсінеді. • Әдеби-теориялық ұғымды есте сақтайды. **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** Адамдық тұқымы, көңілін көгерту, қор болған еңбек, диқаншы, садақа, жүндеу, қамыт, жасық, бейнет, зейнет, таяққа еті үйрену, метафора, алмастыру. **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** Адамдық диқаншысы, Ахмет Байтұрсынұлы, «Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы», қамыт кию, қамшы жеу, сөз маржаны. **Талқылауға арналған сұрақтар:** 1. Ақын өлеңді неліктен «Адамдық диқаншысы» деп атады? 2. Диқаншы деген кімдер? 3. Диқаншы мен «Адамдық диқаншысы» өлеңінің арасында қандай байланыс бар?
Бағалау критерийлері:	Кейбір оқушылар орындай алады: • А.Байтұрсынұлы өмір сүрген кезеңнің тарихи сипатын түсіндіре алады. • Өлең идеясын өз сөзімен тұжырымдай алады. • Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады. • Әңгіменің мазмұндық тақырыбы мен идеясын ажырата алады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының жалпыға бірдей еңбек қоғамы құндылығын сақтау, еңбекқорлыққа, адамгершілікке баулу. Сын тұрғысынан ойлау. Жеке, жұптық, топтық жұмыс барысында өзара сыйластықты, жауапкершілікті сезіну.
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі, Тарих, Өзін-өзі тану, Биология.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	**Жоспарланған іс-әрекет**	**Ресурстар**

Сабақтың басы (7 мин)	I. Ұйымдастыру кезеңі. 1. Оқушылармен сәлемдесемін. 2. Оқушылардың сабаққа қатысын қадағалаймын. 3. Сыныпта жағымды психологиялық ахуал туғызу, бір-бірінің жақсы мінез-құлық қасиеттерінтани отырып,сыйластық пен достықты қалыптастыру мақсатында шеңбер бойында тұру ретіне қарай «Оң жағымда...» тренингі өткізіледі. 4. Сыныпқа қима қағаздағы «Әдептілік», «Ар-ұят», «Адамдық», «Белгі» сөздерін алғыза отырып, «Сөзден-сөйлем» әдісі арқылы топтарға біріктіремін. II. Үй тапсырмасы. Сыныптық жұмыс. «Тәрбиенің қайнар бұлағы» тарауы бойынша алған білімдерін «Зымыран сұрақтар» әдісімен қорытындылаймын. Кері байланыс:«Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісі	5e338437c30f4.png Image not found or type unknown 5e338441024d2.png Image not found or type unknown 5e33845401fd4.png Image not found or type unknown «Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз»
Сабақтың ортасы (30 мин)	III. Жаңа тақырып. Сыныптық жұмыс. «Түрткі сұрақ» әдісі арқылы оқушыларға ой қозғау үшін төмендегідей сұрақтар беріледі. - Неліктен біз осындай сөздер арқылы топқа бөлінідік?» - Осы мақалға синоним бола алатын тағы қандай мақал-мәтелдерді атай аласыңдар? - «Малым-жанымның садақасы, жаным-арымның садақасы» деген мақалды қалай түсінеміз? Бағалау: «Бас бармақ» әдісі Мұғалім түсіндірмесі. Ахмет Байтұрсынов шығармашылығы 1-тапсырма. Оқылым/Тыңдалым Топтық жұмыс жұмыс. «Орындықтағы стикер» әдісі арқылы шығарманы мәнерлеп оқиды. (Әр топтан бір оқушының алдын-ала орындығына стикер жапсырылады, таңдау соған түседі.) Келесі топты бағалау критерийлері алдын-ала парта бетіне қойылады. Бағалау критерийлері: 1. Түсінікті оқу 2. Интонацияны дұрыс қою 3. Дауыстың анық болуы Бағалау: ««Екі жұлдыз, бір ұсыныс» 2-тапсырма. Айтылым. Жұптық жұмыс. Әр топ оқылған шығарма бойынша түсінгендерін жұбымен талқылайды. шығарма идеясын «Метафоралық модель құру» әдісі арқылы ұсынады, топ ең түйінді деген бір идеяны іріктеп алады. Кері байланыс:Жұмыс барысында қарым-қатынас жасаудың қай стилі басым болды? -Бір адамға бағытталған стиль -Тапсырманы орындауға бағытталған стиль. 3-тапсырма. Топтық жұмыс. «Сиқырлы қаламсап» әдісі арқылы сұралады. 1-топ. Өлеңнің негізгі идеясын үш сөйлеммен тұжырымдап, ойымызды мақал-мәтелмен түйіндейік. 2-топ. Бейнет, зейнет, таяққа еті үйрену, диқаншы сөздерін синонимдерімен алмастырып, сөйлем құрап жазайық. 3-топ. Өлең мәтінінен метафораларды тауып, мысалдар арқылы дәлелдейік. 4-топ. Төмендегі сызбаның көмегімен өлең кейіпкерінің бейнесін өз жұбымызға сиапттап берейік. Сипаттаны өлеңдегі мысалдармен дәлелдеуді ұмытпайық. Бағалау: «Шұғыл сұрақтармен өз-өзін бағалау» Кері байланыс: Топтағы орындау барысында топта ауызбіршілік сақталды ма? -Топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды; -Топтағы бірлік, ауызбіршіліктің бұзылғаны байқалды; 4-тапсырма. «Эйлер шеңбері» әдісі арқылы «Адамдық диқаншысы» өлеңі мен «Құмырсқа» әңгімесі арасындығы үндестікті анықтайды. Анықтау тапсырмалары: 1. Мәтіннің жанрлық стилін анықтайды. 2. Әдеби шығарманың түрін ажыратады. 3. Мәтіннің тақырыбы мен идеясын нақтылайды. Бағалау: «Жұптық шапалақ» 5-тапсырма. Қалыптастырушы тапсырма «Денотаттық бағ ан» әдісі арқылы шығармаға басқаша тақырып қойып, екі сөйлеммен түсіндіру. Өлеңнің тақырыбы Себебі Дескриптор: *Шығармаға басқаша атау ұсынады. * Атауды ұсынудың себебін 2 сөйлеммен түсіндіреді. Кері байланыс: «Бағдаршам» Бекіту. «Сөздер банкасы» әдісі	5e3385e31a1a6.png Image not found or type unknown Топ басшысында бағалау парағы 5e33860677956.png Image not found or type unknown Слайд 5e33862346834.png Image not found or type unknown 5e3386444aa85.png Image not found or type unknown 5e33865274a0e.png Image not found or type unknown 5e33865d40007.png Image not found or type unknown 5e33866f98dd2.png Image not found or type unknown 5e33867aeb569.png Image not found or type unknown

Сабақтың соңы (3 мин)	Үйге тапсырма. «Адамгершілік» тақырыбына 2 шумақ өлең құрастырып келу. Топтардың «Бағалау парақтары» жиналып алынады, талданады.	5e33869a75e31.png Image not found or type unknown 5e3386ae9686e.png Image not found or type unknown 5e3386b79ddbc.png Image not found or type unknown